

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін қызмет көрсету туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) Қызмет - Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген, заттық мәні жоқ Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекет.

1.4. Қызмет көрсету мына мекенжайда көрсетіледі: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 98 (бұдан әрі - Объект).

1.5. Қызмет құны және қосымша ақпарат Шартқа 1, 2 -қосымшаларда (бұдан әрі - 1, 2 - қосымшалар) көрсетілген.

1.6. Қызметті Жеткізуші өз материалдары мен жабдықтарын, өз күші мен құралдарын пайдалана отырып көрсетеді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіден электрондық шот-фактураны алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде тоқсан сайын және екі жақ Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған, белгіленген тәртіппен ресімделген, толық көлемде көрсетілген Қызметтер актісінің (бұдан әрі - Акт) негізінде Жеткізушінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактураны, төлеуге арналған шотты және Актіні ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Электрондық шот-фактура, төлем шоты және тиісті түрде ресімделмеген Акт, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетіле отырып, ұсынылған кезде Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электрондық шот-фактура, төлем шоты және Акт ұсынылған кезден бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге төлемді уақтылы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын ұсынуға құқылы емес.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық

шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Жеткізуші қызметкерлерін рұқсат ету және ішкінысандық режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге;
- 5) Шарт талаптарына сәйкес Жеткізушінің қызметкерлерін Объектілерге кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды

тағайындауға;

3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, толық істелмеулер, қателіктер <толықтыру> ____ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге не төлемнен ішінара немесе толық бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

7) Жеткізушіден Қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы нормаларын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауын талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

11) Қызмет көрсету кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидаларының басқа да талаптарына сай келетін құрал-жабдықтарды және материалдарды пайдалануға;

12) Кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы қос Тараптың уәкілетті тұлғалары түпкілікті Актісіне қол қою күнінен бастап 6 (алты) айдың ішінде материалдар мен көрсеткен Қызметтер сапасына кепілдік беруге;

13) егер, жұмыс барысында, тапсырыс берушінің мүлігін бүлдіруге әкеп соғатын газды өртсөндіргіштер жүйесі істен шыққан жағдайда, Тапсырыс берушінің бүлінген құрал-жабдығын, сондай-ақ оның жұмыс істеу қабілетін өз есебінен және өз күшімен қалпына келтіруге;

14) «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализациясы, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген Техникалық регламенттерге сәйкес Объектіде серверлік бөлмедегі автоматты газды өртсөндіргіштер жүйесі қондырғысын техникалық қызмет көрсету жүргізуге;

15) Қызмет көрсету барысында құрал-жабдықтың бүлінушіліктерін анықталған жағдайда, ақаулы актілерді құруға және Тапсырыс берушімен оны келісіп алуға, сондай-ақ бүлінген құрал-жабдықты өз есебінен және өз қаражатына ауыстыруды жүргізуді;

16) Шарттың 2-қосымшасына сәйкес серверлік бөлмедегі газды өртсөндіргіштер жүйесінің құрал-жабдығының жұмыс істеу қабілетін тексеруге;

17) Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін құрал-жабдықтардың, материалдардың және Тапсырыс беруші мүлкінің оқыстан бүлінуі немесе оқыстан зақымдалуы тәуекелін көтеруге;

18) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;

19) Тапсырыс беруші Объектіде белгілеген рұқсатнамалық және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға;

20) Тапсырыс берушінің журналында техникалық қызмет көрсету нәтижесін бекітуге;

21) Шарт бойынша міндеттемелерін, оның ішінде ақауларды жою бойынша, орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты шығыстарды өздігінен көтеруге;

22) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Объектіге кіру мақсатында, олардың жеке мәліметтерін көрсете отырып Тапсырыс берушіге Жеткізуші қызметкерлерінің тізімін беруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген..
- 4.2. Қызметтер көрсету орны: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 98 (бұдан әрі - Объектілер)..
- 4.3. Шарт бойынша Қызмет көрсетудің жалпы мерзімі қол қойған сәттен бастап 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы мерзімін құрайды. Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімділігі Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

5. КӨРСЕТИЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызмет көрсетілгеннен кейін бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлайды және Актіні қол қою үшін жібереді.
- 5.2. Тапсырыс берушіде көрсетілген Қызмет бойынша Жеткізушімен келіспеушіліктері және ескертулері болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.
- 5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызмет бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған кезде көрсетілген Қызметті қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тарту жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.
- 5.4. Жеткізуші Қызмет көрсетуді аяқтағаннан кейін Объектіде Құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету бойынша орындалған Жұмыстардың қысқаша сипаттамасын журналда сипаттайды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:
- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5 % нөл бүтін оннан бес пайызы пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
 - 2) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда – ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5 % (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
 - 3) көрсетілген Қызметтегі ақауларды жою мүмкін болмаған/одан бас тартқан жағдайда – Шарттың жалпы сомасының 20 % жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл.
- 6.3. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап басқа Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.
- 6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз)

мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Шарт Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде

орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Абревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – аты-жөні.

Портал закупа Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ___ тьын (_____ тенге ___ тьын), <без учета суммы НДС>.

